



**ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ.**

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АККРЕДИТАЦИЯ

Орындаған: НАЙМАНОВА А.

Факультет: ЖМ 40-1

Курс: 5

*Тексерген: СЕРІКҰЛЫ
МЕЙРЖАН*

Жоспары:

- Аккредитация дегеніміз не?
- Денсаулық сақтаудағы аккредитация
- ISQ
- Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау саласын аккредитациялау

- **Аккредитация** (*Credit* — латын сөзі, аудармасы — сенім) - ұйымдардың, жеке тұлғалардың, тауарлардың, тұрғындарға көрсетілетін қызметтері, жүйесі- жүйе қатысушыларының жұмысын реттейтін ережелер, сипаттамалар, талаптар, ұйымдастырушылық және техникалық шаралардың жиынтығы.



- Жалпы, денсаулық сақтау саласын аккредитациядан өткізу ісінің ел аумағына енгізілуі 2005-2010 жылдарға арналған саланы дамыту және реформалауға қатысты мемлекеттік бағдарлама мен дүниежүзілік банктің «2008-2013 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласына жаңа технологиялар мен институционалды реформаларды енгізу» жобасының шеңберінде жүзеге асты.

- Кешенді жоспарланған жұмыс түрлеріне сай, 2009 жылы стационарлы, амбулаторлы-емханалық және жедел медициналық көмек көрсететін мекемелерді аккредитациядан өткізуге қатысты мемлекеттік стандарт талаптары жасақталды.



Халықаралық Денсаулық сақтау қауымдастығының талаптарына сай, аккредитация – көрсетілетін қызметтің жоғары дәрежеде екендігін бағалау жүйесі. Ол медициналық мекемелер үшін сала мамандарының бекіткен стандарттарына сүйене отырып жүргізіледі. «Қазақстан Республикасы халық саулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодексінің баптарына сай, саланы аккредитациялау негізінен денсаулық сақтау саласы субъектілері, дәрілік препараттар мен медициналық техниканың салаға қатысты стандарттар мен талапқа сәйкестігін қадағалайды.



Денсаулық сақтаудағы аккредитация

- Мекемені жүйелі бағалау/тексеру
- Оқытылған сыртқы инспекторлармен жүргізіледі
- Сенімді әдістер мен құралдарды қолдану арқылы
- Денсаулық сақтаудың бекітілген стандарттары негізінде;
- Аккредитация мерзіміне сәйкес уақытылы жүргізіліп отырады

Аккредитацияның мақсаты

- Медициналық көмек сапасын стандарттар негізінде жақсарту
- Денсаулық сақтаудағы интеграция мен басқаруды жақсарту
- Стандарттарға кімнің және қалай сәйкес келетіні жөнінде салыстырмалы мәліметтер базасын қалыптастыру
- Жоғары тиімділік/өнімділік есебінен денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындарды азайту
- Сапаны жақсарту және жақсы тәжірибе жөнінде оқыту мен консультацияларды қамтамасыз ету
- Қоғамдық сенімді жоғарылату және қауіпті төмендету



Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау саласындағы аккредитациялау жүйесі:

- Инициатор- ҚР денсаулық сақтау министрлігі
- Міндеттілігі-өз еркімен
- Аккредитациялау органы- ҚР ДСМ Медициналық және Фармацевтік қызметтерін реттеу комитеті
- Қаржыландыру- Халықаралық банк жобасы
- Медициналық мекемелерді ынталандыру- медициналық қызметтер сапасының жоғарылауы
- Аккредитацияның жарамдылық ұзақтығы- 2 және 4 жыл
- Стандарттар- ұлттық.

- ISQua Халықаралық Денсаулық сақтау қауымдастығының талаптарына сай, аккредитация – көрсетілетін қызметтің жоғары дәрежеде екендігін бағалау жүйесі. Ол медициналық мекемелер үшін сала мамандарының бекіткен стандарттарына сүйене отырып жүргізіледі.

- ҚР Халық саулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодексінің баптарына сай, саланы аккредитациялау негізінен денсаулық сақтау саласы субъектілері, дәрілік препараттар мен медициналық техниканың салаға қатысты стандарттар мен талапқа сәйкестігін қадағалайды. Сондай-ақ, аккредитациядан өту-өтпеу медициналық мекеменің өз еркінде. Өйткені бұл емдеу мекемесінің дәрежесі мен көрсететін қызметтерінің сапасын анықтап береді



- аккредитациядан өту – медициналық қызмет сапасының жақсаруының кепілі. Дәрігерлік көмекті дұрыс ұйымдастыру, адами ресурстарды басқару, қызмет көрсетудің сапасы, науқастың қауіпсіздігі, сала қызметкерлерінің біліктілігін ұдайы арттыру, қажетті дәрі-дәрмекпен уақтылы қамтылуын қадағалау, ішкі аудит жұмысының дұрыс жүргізілуі сынды сәйкесті талаптарға сай болу, сөз жоқ, саланың заманауи бағытта дамуына себепші болады.



- Сәйкесті министрліктің арнайы бұйрығына сай құрылған аймақтық сарапшы топтар аккредитациядан өтуі тиіс мекемелердің жалпы талапқа сай болуын қадағалайды.



- Аккредиттеу туралы куәлікті берілмейді:
 - 1) ұсынылған құжаттарда бұрмаланған немесе жалған ақпарат болған;
 - 2) медициналық ұйымдардың сыртқы кешенді бағалау нәтижелеріне сәйкес белгіленген аккредиттеу стандарттарына сәйкессіздігі;
 - 3) медициналық ұйымға қатысты мәлімделген қызмет түрімен айналысуға тыйым салу туралы сот шешімі болған жағдайларда бас тартылады.
- 4. Емші сертификатын беру жөніндегі қызметпен айналысуға денсаулық сақтаудың ұйымдарына аккредиттеу жүргізу тәртібі

Аккредитациялау шешімі

- 60% төмен- аккредитациядан өтпеді
- 60-80%- 2 жылға аккредитацияланды
- 80% жоғары- 4 жылға аккредитацияланды

